

**"Қауымдық сервитутты белгілеу туралы" Кентау қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 363 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Кентау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 12 қаңтардағы № 3 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 18 қыркүйектегі № 443 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабына, Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2024 жылғы 8 сәуірдегі №5194-24-00-4/71 шешіміне сәйкес, Кентау қаласы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мирас Байкен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қабылданған "Қауымдық сервитутты белгілеу туралы" Кентау қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 11 желтоқсандағы №363 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Кентау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 12 қаңтардағы №3 қаулысының күші жойылды деп танылсын;

2. "Кентау қаласының әкімдігінің "Кентау қалалық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Кентау қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кентау қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

*Қала әкімі*

*Ж.Тасов*